


# Тіл мәдениет

Тіл - елдің елдігінің,  
оның ғылымы мен мәдениетінің,  
өнеркәсібінің, қоғамдық  
құрылысының, салт-санасының,  
жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық  
мұрасының қай дәрежеде екенін  
білдіріп тұратын көрсеткіш.





Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып,  
тамыр шымырлататын, жан жүйенді  
жандырып, құлақ құрышын қандыратын,  
өткірлігімен қысылтаяң тұста  
ер мен елге бірдей медет беріп,  
адам түгіл жағдайдың  
өзінің аузына құм құятын  
ғажайып кемел тіл.



- *Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.*
- *Тіл - достықтың алтын көпірі.*
- *Тіл - ұлттың сүйенетін тамыры, сыйнатын тәңірі.*
- *Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.*
- *Тілі өлген ел - тірі өлген ел.*

Жер – бұл ана. Ана ешқашан сатылмайды және ешкімге жалға берілмейді.

## Жер ресурстары

Жер ресурстарының жалпы қоры жөнінен Ресей дүниежүзіндегі ең алдыңғы қатарлы ел. Елдің жалпы жер қоры — 1709,8 млн га. Жан басына шаққандағы жер үлесі — 11,5 га, бұл дүниежүзілік көрсеткіштен (3 га) әлдеқайда жоғары. Алайда жер қорының 1/3-і ғана пайдалануға жарамды, онда Ресей халқының 95%-ы қоныстанып, бүкіл шаруашылық салалары құрылымдарының 93%-ы шоғырланған. Ауыл шаруашылығына жарамды жерлер де осы үлеске кіреді. Ресейге дүниежүзіндегі аса құнарлы қара топырақтың 1/3 бөлігі тиесілі.

Алайда соңғы жылдары жер ресурстарының сапасы нашарлап, жер эрозиясы белең алуда. Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің 80%-ы, жыртылған жерлердің 60%-дан астамы жоспарлы түрде қорғау мен қайта калпына келтіруді қажет етеді. Сонымен қатар 7%-дан астам жер әртүрлі деңгейдегі шөлейттену процесіне ұшырауда.

- Жер көнді жақсы көреді,  
Ат жемді жақсы көреді.

- Жер – ана,  
Ел - бала.

- Су патшасы – мұрап,  
Түн патшасы – шырақ.

- Қыстағы қар - жерге ырыс,  
Жердегі ылғал – елге ырыс.

- Су - ырыстың көзі,  
Еңбек кірістің көзі.

- Жайлауы жақсының әр бұтасының түбі  
бір кесек ет.



# ҚЫЗЫЛ КІТАП-халықаралық табиғат қорғау одағының “ҚЫЗЫЛ кітабы” — халықаралық дәрежедег құжаті

**Муфлон** – жабайы қойлардың  
жалпылама аты.

Муфлондар Жерорта  
теңізі аралдарында

(Корсика, Сардиния, Кипр), Солт  
үстік Африка, Кіші және Орта  
Азияда,

Кавказда таралған. Еуропаның ке  
йбір елдерінде

(Италия, Австрия, Германия, Ұл  
ыбритания, т.б.) жерсіндірілген.



# Баянауыл ұлттық паркі

- Баянауыл ұлттық мемлекеттік табиғи паркі 1985 жылы ҚССР Министрліг № 276 қаулысымен құрылған. Баянауыл ауданының аумағында орналасқан, жалпы аумағы 50 688 га құраған. ҚР Үкіметінің қаулысымен 2007 жылы 27 желтоқсанда №1305 парк аумағы кенейтілді. Қазіргі кезде БҰМТП 68 452,8 га құрайды. Орман және аншылық шаруашылығы комитетінің шешімімен «Қызылтау» қамалы БҰМТП қорғауға бекітілді, жалпы аумағы 60 000 га құрайды.

Ұлттық парктің аумағы үш орманшылығына бөлінген.

Баянауыл орманшылығы — 19 188 га,

Жасыбай орманшылығы — 22 904 га,

Далба орманшылығы — 8 596 га.

Кенейтілген парк аумағы — 17 764,8 га

